




ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Іскерлік белсенділік индексі

2025 Тамыз

2025 жылғы тамызда іскерлік белсенділік аздап баяулады, индикатор 2024 жылдың наурыз айынан бері оң аймақта тұр.

1-график. Іскерлік белсенділік индексінің (ИБИ) динамикасы*



* Көрсеткіш мәні 50-ден жоғары болса – оң өзгерісті, төмен болса – кері өзгерісті білдіреді. Индекс мәні 50-ден қаншалықты алыс (жоғары немесе төмен бағытта) болса, көрсеткіштің өсу қарқыны (артуы немесе кемуі) соғұрлым жоғары болады.


Іскерлік белсенділік индексі 2025 жылғы тамызда 51,1 құрады (шілдеде – 51,5).

Өндіріс саласында іскерлік белсенділік айтарлықтай жақсарды – шілде айындағы 51,9-дан **53,8**-ге дейін көтерілді. Қызмет көрсету мен сауда салаларында белсенділік сәл баяулағанымен, индикаторлар оң өсімді көрсетті – тиісінше **51,4** және **51,3** (шілдеде – 52,3 және 52,9). Құрылыс пен тау-кен өндіру өнеркәсібінде жағдай айтарлықтай өзгерген жоқ, іскерлік белсенділік төмендеу аймағында қалып, тиісінше **47,9** және **48,2** деңгейінде қалыптасты (шілдеде – 47,5 және 48,4).

2-график. Тамыз айындағы өңірлер бойынша ІБИ

14 өңірде іскерлік белсенділік жақсарып, 6 өңірде нашарлады.


Индекстің ең жоғарғы мәні Жетісу облысында (59,4), ең төменгі мәні Маңғыстау облысында (44,6) тіркелді.



Бизнес-ахуал индексі

2025 жылғы тамызда бизнес жүргізудің қазіргі шарттары өткен айға қарағанда қолайлырақ болды, бизнес-ахуал индексі сәл көтеріліп, 11,9-ға жетті.

3-график. Бизнес-ахуал индексінің (БАИ) динамикасы*



* Қазіргі және болашақ бизнес-ахуалды бағалау үшін жауаптар теңгерімі (ЖТ) қолданылады. Ол – бизнес-ахуалдың өзгерісіне қатысты сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Индекс мәні 0-ден жоғары болса – ахуалдың жақсарғанын, төмен болса – нашарлағанын білдіреді.

Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, барлық секторда сұраныс артты.

Ең көп сұраныс өндірісте байқалды.

Респонденттер сұраныс пен инфрақұрылымға және қаржының/несиенің қолжетімділігіне оң баға беріп отыр, ал қалған факторларға (бизнесті қорғау мәселелері, салық жүктемесі) теріс баға берді, сонымен бірге бизнесті қорғау мәселесінің көрсеткіші нашарлағаны байқалды.

4-график. Секторлардағы сұраныстың өзгеру динамикасы (ЖТ)*



* Сұранысты бағалау үшін жауаптар теңгерімі (ЖТ) қолданылады. Ол – сұраныстың өзгерісіне қатысты сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Индекс мәні 0-ден жоғары болса – ахуалдың жақсарғанын, төмен болса – нашарлағанын білдіреді.


5-график. Бизнес-цикл «сағаты»

2025 жылдың тамыз айында бизнес-цикл «сағатының» көрсеткіші өсу аймағында қалды.

Қазіргі бизнес-ахуалды бағалау көрсеткіші айтарлықтай жоғарылап, 5,0 құрады.

Алдағы 6 ай бойынша келешек бизнес-ахуал бағасы 19,1-ге дейін төмендеді.

**Бизнес-цикл «сағаты» берілген уақытта экономиканың циклдің қай фазасында болғанын көрсетеді. Оны құру үшін қазіргі ахуалды (X осі бойынша) және келешек ахуалды (Y осі бойынша) бағалау бойынша деректер қолданылады.*



ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕ

¹ Ақпарат нақты сектор мониторингiне қатысушы кәсiпорындар арасында ай сайын жүргiзiлетiн сауалнама нәтижесiне сай дайындалды.

² Iскерлiк белсендiлiк индекci жаңа тапсырыстар көлемi, жұмыспен қамту деңгейi, жаңа өнiм көлемi, тауарлы-материалдық қорлардың көлемi, жеткiзу мерзiмi сияқты кәсiпорындар көрсеткiшiнiң жиынтық өзгерiсi ретiнде есептеледi.

³ Iскерлiк белсендiлiк индекciн есептеу үшiн диффузиялық индекс (ДИ) пайдаланылады. Ол әрбiр көрсеткiш бойынша оң жауап берген кәсiпорындар үлесiнiң және өзгерiссiз жауаптардың жартысының үлес қосындысы (үлестер салмақтанып есептеледi) ретiнде есептеледi. Бұл индекс көрсеткiштiң өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпыланған индикатор болып табылады.

⁴ Бизнес-ахуал индекciн (БАИ) есептеуде Ifo немiс зерттеу институтының әдiстемесiне сәйкес осы айдағы бизнес-жағдайлардың көрсеткiштерi (АЖ) және болашақ 6 айдағы бизнес-жағдайлардың күтелiн өзгерiстерi (БЖ) бойынша жауаптар теңгерiмi (ЖТ) пайдаланылады:

$$БАИ^* = \sqrt{(ЖТ(АЖ) + 200) * (ЖТ(БЖ) + 200)} - 200$$

мұндағы, ЖТ – жауаптар теңгерiмi

АЖ – ағымдағы экономикалық

жағдай БЖ – болашақтағы

экономикалық жағдай

⁵ ЖТ (жауаптар теңгерiмi) бизнес-шарттардың өзгеруi туралы сұрақтарға берiлген оң және терiс жауаптардың үлесi арасындағы айырма ретiнде есептеледi. Кәсiпорындар ұсынылған үш жауаптың бiреуiн таңдайды: «жақсарды», «өзгерген жоқ» және «нашарлады». Жауаптардың үлесi салмақтана отырып есептеледi.

⁶ Ifo зерттеу институты жасаған бизнес-цикл «сағаты» – бұл екi нөлдiк сызықтың қиылысуымен төрт квадрантқа бөлiнген диаграмма (координаттар жүйесi). Олар iскерлiк жағдай тұрғысынан экономикалық циклдің төрт кезеңiн бiлдiредi: көтерiлу, өсу, төмендеу, құлдырау. Егер ағымдағы жағдайларды бағалау терiс болса, ал күтулер оң болса – экономикасы көтерiлу фазасында, егер ағымдағы жағдайларды бағалау және күтулер оң болса – онда экономика өсу фазасында т.с.с.

⁷ Диаграммалардағы деректер маусымдық фактордың әсерiнен тазартылған.

⁸ Алдыңғы айлардың динамикасында маусымдық тазалауға және жалпы қосылған құнды (ЖҚҚ) нақтылауға байланысты өзгерiстер болуы мүмкiн.

⁹ Секторлар бойынша егжей-тегжейлi ақпарат (сұрыптау туралы ақпарат, индикаторлар динамикасы, жауаптардың таралу нәтижелерi) дашбордта берiлген.